

ӘОЖ 422.78

## **ЦИФРЛЫ МЕДИАНЫҢ ЖАСТАР САНАСЫНА ӘСЕРІ: АҚПАРАТТЫҚ ТӘУЕЛДІЛІК**

**Жунусова Нурие Бахитқызы**  
[zhunusovanur@mail.ru](mailto:zhunusovanur@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕУҰ журналистика және саясаттану факультетінің 1-курс  
магистранты,  
Қазақстан, Нұр-Сұлтан

Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., доцент Г.Ж.Болатова

Бүгінгі күнгі цифрлы медианың жас ұрпаққа әсер етуі ерекше алаңдаушылық туғызады. Бұл алаңдаушылық индустриалды қоғамнан ақпараттық қоғамға көшудің жаһандық процесіне байланысты. Жастар жаңа дәуірге тезірек бейімделді. Бұған бұқаралық коммуникация құралдары: баспасөз, телевизия, радио, ғаламтор, ұялы байланыс түріндегі түрлі делдалдар ықпалдасты. Алайда, БАҚ ұсынғанның бәрі жастарға оң нәтижесін бермейді.

Цифрлы медианың жастар санасына әсерін жазбас бұрын, «Жастар деген кім?» деген сұраққа жауап берейік. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңның 1-тарауында жастар – Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары екендігі көрсетіледі. Ал, ресми статистиканың деректері бойынша қазіргі уақытта 14-29 жас аралығындағы республика жастарының саны – 3 765 483 адамды немесе барлық халықтың 20,4% құрайды [1].

Адам қажетті ақпаратты тікелей тәжірибеден, жеке қарым-қатынастан, сондай-ақ әртүрлі ақпарат көздерінен (кітаптар, радио, теледидар, журналдар, газеттер, түрлі ақпараттық жүйелер т.б.) алады. Алайда, тікелей тәжірибеден гөрі ақпарат көздерін тұтыну үлесі басымырақ. Ал, олардың ішінен негізгі ақпараттық көз бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады. Соның ішінде, жастар, әсіресе цифрлы медиаға жақын. БАҚ арқылы жүзеге асырылатын ақпараттық әсер әлеуметтік және жеке деңгейде жағымсыз салдардың пайда болуымен көрінуі мүмкін. Жеке деңгейде деп ақпараттық тәуелділіктің пайда болуын айтамыз [2, 125].

Ең алдымен, кез-келген нәрсеге деген тәуелділік - бұл норма еместігін ескеру керек. Сондықтан, ақпаратқа тәуелділікті әлем бойынша науқастар қатарына жатқызады. Әсіресе, жастар бұл ауруға өте сезімтал, өйткені олар желіде өте көп уақыт өткізеді. Қазіргі таңда ақпараттың таралуы ештеңемен шектелмейді. Кейбір адамдар ақпараттың қол жетімділігі бізді одан әрі дамытады деп ойлайды. Алайда, іс жүзінде бәрі керісінше: дереккөздердің көптігі олардың сенімділігіне кепілдік бермеді.

Сипатталған құбылыстың жаңалығына байланысты ақпараттық тәуелділіктің бірыңғай ғылыми анықтамасы жоқ. Қазіргі уақытта бұл құбылыс электронды техникалық құралдар мен ғаламтор арқылы ақпаратты енгізу және алу процесіне тәуелділікті білдіреді.

Артық ақпараттың зияны туралы пайымдауды III ғасырға жататын ежелгі философиялық «Экклесиаст» трактатынан табуға болады. Алайда, «ақпараттық тәуелділік» ұғымы саясаттанушы Бертрам Гросстың арқасында 1964 жылы ғана пайда болды. Кейінірек

американдық философ Эльвин Тоффлер терминді кеңінен ашты. Ал ХХІ ғасырдың бірінші ширегінде ғалымдар артық ақпарат салдары туралы айта бастады [3,242].

1994 жылы американдық психолог Киберли Янг ақпараттық тәуелділікті анықтауға бағытталған 20 сұрақтан тұратын сауалнама жасады, оны мамандар әлі күнге дейін қолданады. Бұл зерттеуші ақпаратқа тәуелділікті «патологиялық құмарлықпен» [4, 70-76] салыстырды.

Ақпараттық тәуелділік - үнемі ақпарат алу қажеттілігі, адамға қол жетімді кез-келген көздерден ақпаратты үздіксіз, тым жиі тұтынуға деген тәуелділік.

Ақпаратқа тәуелділік екі фактордың өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болады. Бір жағынан, күнделікті кездесетін ақпарат ағыны өте үлкен, олардың барлығын талдауға мүмкін еместігі. Екінші жағынан, өзімізді артық ақпараттан қорғаудың орнына, осы ақпараттық кеңістікте өмір сүруге дағдылануымыз.

Ақпаратқа тәуелді адамдар үшін ақпараттың сапасы маңызды бола бермейді, олар үшін оның саны маңызды болу керек. Белгілі бір мөлшердегі ақпаратты ала отырып, тұтынушы өзін жайлы және қауіпсіз сезінеді. Бұның нәтижесінде адам ақпаратты талдау функциясын біртіндеп жоғалта бастайды. Ондай адамдар ақпаратты тек тұтынады, оған анализ жасап, саралай алмайды. Бұл ақпараттық жүрек талмасына әкеледі.

Ақпараттық инфаркт дегеніміз - талдау функциясын толығымен жоғалту нәтижесінде адамның интеллектуалды өлуі. Бұндай адамдар оған не істеу керектігін айтатын басқа адамдарға немесе қандай да бір жолмен өмір сүруге және шешім қабылдауға көмектесетін құрылғыларға, қызметтерге тәуелді болады. Басқаша айтқанда, адам саналы түрде шешім қабылдау функциясын жоғалтады. Бұл жағдайда адам компьютердің, телефонның, Instagram-ның құлы болады. Ақпараттық инфарктың себебі - ақпаратты реактивті тұтыну. Яғни, ақпарат келгенде, оны қажет немесе қажет емес деп бөлмей, бірінен соң бірін қабылдай беру.

Осы тәуелділікке байланысты «медиабулимия» деген жаңа термин пайда болды. Оны асқазан ауруымен салыстыруға болады. Терминнің пайда болуы тамақ пен ақпараттық аштықтың ұқсастығына негізделген. Ол тұтыну кезінде таңдау функциясының болмауымен, сіңірілетін өнімдерге тәуелділікпен сипатталады. Сізге бір тағам ұсынылса, оның дәмді немесе дәмді еместігін тағам түріне байланысты білесіз. Ақпаратпен бұл жұмыс істемейді. Мысалы, сізге кітапты оқу ұсынылады, ал сіз оны оқымағанша, кітаптың жақсы немесе жаман екенін түсінбейсіз. Интернеттегі он минуттық бейнені көрмейінше, сіз оның пайдалы екенін түсінбейсіз. Бұл өз кезегінде адамның мақсаттарының болмауымен байланысты. Егер ақпарат алу барысында сіздің қандай да бір мақсатыңыз болса, онда сіз ақпаратты алған кезде алдымен оны мақсаттарыңызбен салыстырасыз, ол сізге қызықты ма, қажет пе? екенін түсінесіз.

Медиабулимия мәселесімен Киев ұлттық университетінің аспиранты Шевченко Анна Одинец айналысты. Оңай жолмен келген қол жетімді ақпаратқа деген «ашкөздік» оған деген «жиіркеніштік» сезіміне әкеледі. Артынан сол ақпараттардың жетіспеушілігі сезіледі. Мұндай ауысу депрессиялық күйлер мен психосоматикалық бұзылулардың дамуына ықпал етеді. Бұл процесс тағамды сіңіруге ұқсас. Егер үздіксіз барлығын шайнамай жұта берсеңіз, онда қанығу сезімін кеш сезесіз. Көбінесе ақпараттық тәуелділіктің құрбандары - бұл гаджеттерді қолдануға тым құмар жастар, олар бұның жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін екенін түсінбейді [5].

Жастар медиабулимиядан зардап шегеді. Олар барлық бос уақытын әлеуметтік желілерде өткізеді, тіпті қолында телефондарымен ұйықтайды. Бұндай ақпарат алу барысында ми бір тақырыпқа назар аударады, ойлау процесі басталады, бірнеше секундтан кейін жарнама немесе келесі жаңалықтар пайда болады, бұндай ауысулар - адам миы үшін стресс. Үлкен ақпарат ағыны әрдайым сапалы мазмұнды бермейді. Оқылымды талдау да көп күш-жігерді қажет етеді, ми әрбір оқылған элементке күмән келтіреді және бұл көбінесе концентрацияны төмендетеді, шатасуға алып келеді.

Уақыт өте келе, ақпараттың шамадан тыс сіңуі адамның эмоциялық әсерленуі мен рефлексия қабілетін жоғалтуға әкеледі. Оқу оған жағымды да, жағымсыз да эмоциялар

тудырмайды. Талдау қабілеті біртіндеп жоғалады. Мысалы, желіге кірген кезде не оқи бастағаныңызды және соңғы ашылған бетке қалай көшкеніңізді ұмытасыз.

Ақпаратқа тәуелді адам мәтіндегі негізгі ойға назар аудара алмайды, нәтижесінде депрессияға ұшырайды. Ақпаратты мұндай толқынмен алудан бас тартуға болады. Бұндай кезде адамды бірден екі қарама-қарсы сезім мазалайды: ақпараттан бас тартуға деген ұмтылыс және жаңа мазмұнға тәуелділік.

Кейбір жастар ақпараттық технологияларға шамадан тыс қызығушылық танытып, оны «заманауи өмір» санайды, бірақ, біраз уақыттан кейін ақпараттық гаджеттерді қарқынды және бақылаусыз қолданғаннан кейін ұйқының бұзылуы, көңіл-күйдің күрт өзгеруі, тәбеттің болмауы, ашуланшақтық, поштаны немесе басқа интернет-ресурсты тексерудің обсессивті қажеттілігі және т. б. пайда болады. Осындай тәуелділікке ие адам өзіне ғана емес, сонымен қатар ғаламторда орналасқан нақты теріс ақпаратқа (порнографиялық ақпарат, алаяқтық, тез салмақ жоғалту және емдеу туралы жалпы мифтер және т. б.) жолығып, зиян шегуі мүмкін.

VigodaVip жобасының идеологы, кәсіпкер және бизнес-жаттықтырушы Крис Стивен сенбі және жексенбімен тәжірибе жасауды ұсынады [6]. Оны ақпараттық диетамен салыстырады. Достарыңыз бен туыстарыңызға бәрі жақсы екенін ескертіп, демалыс күндері интернетті, ұялы телефонды, компьютерді, теледидарды ешқандай форматта пайдаланбауға кеңес береді. Серуендейсіз, достарыңызбен театрға, мұражайға, экскурсияға барасыз, спортпен шұғылданасыз. Бірақ ұялы телефонды, теледидарды және компьютерді мүлдем пайдаланбайсыз.

Егер адам инфомания сатысынан ақпараттық инфарктқа ауысу сатысында болса, диета - бұл адам санасында не болып жатқанын және енді не істеу керектігін білудің жалғыз жолы.

Егер адам инфоман болса, онда бірінші күннің соңында өзін нашар сезіне бастайды. Өйткені, әдетте ондай адам барлық бос уақытты ақпараттық тұтынумен өткізеді. Екінші күні, оянған кезде жасағысы келетін бірінші амал – телефонға жетіп, интернетке шығу. Алайда, болмайды.

Ең қызығы, дүйсенбі күні таңертең адам өзін қалай сезінетіні. Дүйсенбі күні таңертең өзін көптеген жылдар бойы сезбегендей жақсы сезінуі мүмкін. Адам анық ойлайды, керемет демалғанын түсінеді. Дүйсенбі күні таңертең интернет пен телефон тіпті қажет емес сияқты сезінеді. Мұндай эксперимент жүргізілген кезде, адамда қызықты идеялар пайда бола бастайды.

Медиабулимиядан барынша аулақ болу үшін алынған ақпараттың маңыздылығы туралы мүмкіндігінше жиі сұрақ қою керек. Интернетте күн сайын қанша уақыт өткізгенімізді бақылап, шектеулер қою керек. Жазылымдардың тізімін үнемі тексеріп отырып, ұзақ уақыт бойы кірмеген беттерді өшіру керек.

Ақпараттық тәуелділіктің алдын-алу ақпараттық технологияларды мәні бойынша ұтымды және сауатты пайдалану, сондай-ақ, адамда ақпараттық мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясаты туралы заңы
2. Электрондық БАҚ аудиториясы: оқу құралы / Ж. О. Иманалиев, А. Б. Әлімжанова; ред. Г. Ыбырайқызы; Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016.
3. Буйнов, Л.Г. Сохранение здоровья школьников как педагогическая проблема / Л.Г. Буйнов, Л.П. Макарова, М.В. Пазыркина // Современные проблемы науки и образования. 2012. №4.
4. Соломин, В. П. Всероссийский форум «Здоровье нации - основа процветания России» / В.П. Соломин, Л.П. Макарова, Л.Г. Буйнов, Л. А. Сорокина // сборник: Подготовка специалистов безопасности жизнедеятельности в свете стандартов третьего поколения (магистратура и бакалавриат) материалы XIV всероссийской научно-практической

конференции. Российский государственный педагогический университет им. А.И.Герцена. СПб: Лема, 2010.

5. Янг К. Пойманные в Сеть. — 1997 // [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: [www.netaddiction.com](http://www.netaddiction.com)

6. <https://republic.ru/posts/1/784324>